

1. 4 тақырып. Қазақстандағы Сталиндік қуғын-сүргіннің зорлық зомбылығы.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Сталиндік қуғын-сүргіннің зорлық зомбылығымен таныса отырып, курс мазмұнын игереді және кез келген проблемалық мәселелерге теориялық талдау жасай алу қабілетін арттыру. Ғылыми зерттеулер арқылы ортаға шыққан деректерді анықтап жаңа бағыттарды көрсету арқылы өзіндік көзқарасын, ой-пікірін дәлелді жеткізу.

3. Лекция мазмұны. Сталин Иосиф Виссарионович кеңестік мемлекеттік, саяси және әскери қайраткері, 1922 жылдан бастап Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бас хатшысы, Кеңестік Үкіметінің басқарушысы (1941 жылдан бастап КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, 1946 жылдан бастап КСРО министрлер кеңесінің төрағасы), Кеңес Одағы Генералиссимусы (1945). Сталин (Джугашвили) Иосиф Виссарионович (9.12.1879, Гори қаласы, қазіргі Грузия Республикасы – 5.3.1953, Мәскеу қаласы) – саяси қайраткер, Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Бас хатшысы (1922 – 53), Кеңес Одағының маршалы (1943), Кеңес Одағының генералиссимусы (1945). 1894 жылы Тбилисидегі православиялық діни семинарияға оқуға түскен. Онда оқи жүріп, құпия үйірменің жұмысына ат салысып, “Месамедаси” (үшінші топ) атты грузин социал-демокр. ұйымына мүше болып кірді. 1899 жылы саяси қызметі үшін семинариядан шығарылып, біржола төңкерісшілдік жолға түсті. 1901 жылы РСДЖП-ға мүшелікке өтті. “Коба” деген лақап атты иемденді. Астыртын қызмет барысында бірнеше рет тұтқынға алынып, Шығыс Сібірге жер аударылды. 1912 жылдан РСДЖП-ның ОК-не мүшелікке сайланды. 1912 – 13 жылы Санкт-Петербургте жұмыс істей жүріп, “Звезда” және “Правда” газеттерінің жұмысына белсенді ат салысты. Осы кезде “Марксизм және ұлт мәселесі” деген еңбегін жазды. 1913 жылы ақпанда тағы да тұтқындалып, Турухан өлкесіне жер аударылды. Айдаудан 1917 жылғы Ақпан революциянан кейін оралып, РСДЖП-ның ОК бюросының құрамына және “Правда” газеті редакциясына енді. Қазан төңкерісін әзірлеуге және оны жүзеге асыруға қатысты. Кеңестердің Бүкілресейлік 2-съезінде (8.11. 1917) Ұлт істері халкомы (1917 – 22) ретінде алғашқы кеңес өкіметінің құрамына сайланды. 1919 – 22 жылы Мемлекеттік бақылау халкомы міндетін қоса атқарды. Азамат соғысы (1918 – 20) кезінде Оңт., Батыс және Оңтүстік-Батыс майдандарының революция әскери куаттінің мүшесі болды. 1922 жылы сәуірде РК(б)П ОК Пленумы Сталинді ОК-нің Бас хатшысы етіп сайлады. КСРО-ны құруға белсене қатысты. Алғашқы кезде “автономияландыру” (бүкіл республикалардың РКФСР-ге автономия құрастурықығында енуі) жобасын ұсынды. Ленин өмірінің соңғы жылдарында бар билікті қолына топтастыруға талпынған Сталиннің жеке басына сенімсіздік танытты. Ол Кеңестердің Бүкілодақтық 1-съезіне (1922 жылы желтоқсан) жолдаған хатында Сталинді орнынан ауыстыру жөнінде ойластыруды ұсынды. Алайда РК(б)П-ның 13-съезі (1924 жылы мамыр) Сталинді Бас хатшы етіп қалдыруды ұйғарды. Сталиннің басшылығымен ауыл шаруашылығын коллективтендіру қолға алынып, байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясаты жүзеге асырылды (қ. Кәмпескелеу). Бұл халық арасында жасанды ашаршылық пен

босқыншылықты туғызып, ауыл шаруашылығын коллективтендіруге қарсы шаруалар қозғалысының өрістеуіне алып келді. Сталин елде қуғын-сүргін саясатын жүргізіп, тоталитарлық жүйені қалыптастырды. Ұлттық интеллигенция өкілдерін “халық жаулары” ретінде қуғындауды күшейтті. “Халық жаулары” жазасын өтейтін лагерлердің санын арттырды (қ. ГУЛАГ). Одақтас республикалар мен ұлттық автономияларды саяси және экономикалық биліктен айырып, Кремльге тәуелді етті. Ол гитлерлік Германияның КСРО-ға соғыс ашу мерзімін бағалауда қателік жіберді. 2-дүниежүзүлік соғыс жылдарында КСРО Қорғаныс халкомы, КСРО Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы болып тағайындалды. Кеңес Одағының басшысы ретінде үш держава – КСРО, АҚШ, Ұлыбритания басшыларының Тегеран (1943), Қырым (1945) және Потсдам (1945) конференцияларына қатысты. Соғыстан кейінгі кезеңде жеке басқа табыну қарқыны онан әрі өрістеді. Сыртқы саясат саласында Батыс елдерімен ымыраға келуден бас тартып, қырғи қабақ соғыстың басталуына ықпал етті. Оның жаппай қырып-жою қаруын жасау мақсатының нәтижесінде Семей полигоны дүниеге келді. КОКП-ның 1956 жылы өткен 20-съезі Сталиннің жеке басына табынушылықты сынға алды. Сталин 3 рет Ленин орденімен, 2 рет “Жеңіс” орденімен, Социалдық Еңбек Ері (1939) және Кеңес Одағының Батыры (1945) атағымен марапатталған. Мәскеудегі Қызыл алаңға жерленген.

Қазақ зиялыларына қарсы бағытталған Сталиндік қуғын - сүргін қоғамда ауыр із қалдырды. 30-шы жылдары салынған лагерьлер жүйесі 50-шы жылдары да саяси қылмыскерлерге толы болды. «Буржуазиялық ұлтшыл», «космополитшыл» ретінде айыпталғандардың кейбіреулері, бас бостандығынан айырылып лагерьлерге айдалса, басқалары қызметтерінен төмендетілді немесе қуылды.

XX ғ 20-30 жылдарындағы қаулы - қарарларында, осы кезеңде шығып тұратын мерзімді баспа сөз беттерінде әртүрлі «шылдықтар» түп деректік материалдарда зерттеу нәтижесінде Ф.И.Голощикиннің қазақ зиялыларына «Сәдәуқасовшылдық», «Қожановшылдық», «Рысқұлдовшылдық» т.б. «шылдықтар» атын тағуы, оның ұлттық билік басындағы бетке ұстар зиялыларды қуғындау үшін ойлап тапқан амалы екендігіне көз жеткіземіз. Сондай – ақ осы тұстағы баспа сөз бетіндегі көптеген авторлардың мақалаларындағы пайымдаулары нақтылы құжаттар емес, оларды ойдан шығарған жасанды тұжырымдары Ф.И.Голощекин және оның төңірегіне топтасқан партия белсенділерінің ойлап тауып, жікшілдік ауруын жасанды түрде қоздырудағы мақсаты: Ұлт зиялыларының жалпы ұлттық позицияларын әлсірету әрекеті болатын.

4. Оқытудың техникалық құралдары: глоссарий, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, жазбаша, ауызша сұрау

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық сұрақтар, дамыта оқыту технологиясы

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)

1-деңгейдің сұрақтары

1. И.В.Сталин - тарихи тұлға ретінде өмірбаянын баяндаңыз
2. XX ғ. 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы саяси қуғын – сүргін ді талқылаңыз
3. Қазақстандағы Сталиндік саяси қуғын-сүргіннің салдарын баяндаңыз

2-деңгейдің сұрақтары

1. Сталинизм билік жүйесін талқылаңыз
2. Қазақстандағы Сталиндік қуғын – сүргіннің басталуы мен сипатын көрсетіңіз
3. Сталинның Қазақстандағы зорлық-зомбылығын қарастырыңыз

3-деңгейдің сұрақтары

1. Саяси қуғын-сүргін қуғындаудың тарихын талқылаңыз
2. Қазақстандағы Сталиндік қуғын – сүргіннің басталуы мен сипатын көрсетіңіз
3. Қазақ зиялыларының азаттық жолындағы күрестерін табыңыз

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары: Қазақстандағы Сталиндік саяси қуғын-сүргіннің салдарын баяндаңыз

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. Т. 1. – 521 б.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
3. Қозыбаеы М. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.;
4. Историография Казахстана: уроки истории, - Алма –Ата: Рауан, 1990. – 136 с.;
5. Историческая наука Казахстана (40-80-е годы XX века). – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 143 с.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
7. История политических и правовых учений/ Под ред. В.С. Нересянца. М.,1988.-816 с.
8. Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ – НКВД. Док и матер.Т.1. 1918-1922 /Сост. В. Данилов и др., М., 2000.- 864 с. (С.14).
9. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сб. Док./Отв. Ред. Л. Дегитаева. А., 1998. – 336 с.
10. Мұстафин Б. Геноцид ақиқаты // Қазақ әдебиеті. – 1997.- 27.05
11. Гинзбург Е, Крутой маршрут. М., 1989.-253 с. (С.55).